

Ұлттық Банк 2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының **төлем балансын алдын ала бағалауды** қалыптастырды. Төлем балансындағы негізгі ағындардың серпіні жылдың бірінші жартысында мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуімен, кейінгі ОПЕК+ мәмілесімен, COVID-19 пандемиясымен және Үкіметтің экономиканы қолдау жөніндегі жауап шараларымен айқындалды.

Алдын ала бағалау бойынша ағымдағы шот **5,9 млрд АҚШ** доллары дефицитімен қалыптасты, бұл Ұлттық Банктің 2020 жылға арналған болжамды күтулеріне сәйкес келеді.

Ағымдағы шот дефицитінің негізгі себебі **мұнай экспортының қысқаруы** есебінен **тауарлар экспортының төмендеуі** болып табылады. 2019 жылмен салыстырғанда экспорт **46,9 млрд АҚШ** долларына дейін **11,3 млрд АҚШ** долларына (**-19,4%**) қысқарды. Сол кезеңде импорт **36,2 млрд АҚШ** долларына дейін **3,9 млрд АҚШ** долларына (**-9,7%**) төмендеді, бұл инвестициялық және аралық тауарларды әкелудің қысқаруына байланысты.

Ағымдағы шоттың жай-күйі бір жағынан сауда балансы мен екінші жағынан шетелдік инвесторларға төленетін кіріс арасындағы тепе-теңдікке байланысты. Тарихи тұрғыдан алғанда төлем балансы кіріс балансы теріс болған кезде оң сауда балансымен сипатталады.

2020 жылы **инвестициялық кірістің теріс балансы айтарлықтай төмендеді**, бұл **ағымдағы шот дефицитінің әлеуетті тереңдігін** айтарлықтай тежеді. Тікелей инвесторлардың үлесіне келетін дивидендтер мен қайта инвестицияланған пайда **10,4 млрд АҚШ** долларын құрады, бұл өткен жылдың ұқсас көлемінен **35%-ға аз (16,0 млрд АҚШ доллары)**.

Тағы бір маңызды фактор – Қазақстан Республикасы мен Консорциум арасындағы дауды реттеу шеңберінде Қарашығанақ Консорциумының қатысушыларынан түскен **1,3 млрд АҚШ** доллары сомасындағы валютаның елімізге әкелінуі. Бұл өтемақы төлемінің түсуі қайталама кірістің (трансферттердің) оң сальдосын **2,1 млрд АҚШ** долларына дейін екі есеге ұлғайтты.

Кірістегі осы оң үрдістер 2020 жылғы 3-ші тоқсандағы сауда балансының теріс сальдосына қарсы салмақ көрсетті. Қорытындысында, 2020 жылы **ағымдағы шот сальдосының** 2019 жылмен салыстырғанда **1,3 млрд АҚШ** долларына **жақсаруы** байқалады.